АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
ҚАЛАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ
ЖШС «НЕСІБЕ11» «АЙБӨПЕ» БАЛАБАҚШАСЫ

Ақтөбе қаласы білім бөлімінің
2026 жылғы «__» _____
№____ бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ.

БАҒДАРЛАМА
«СИҚЫРЛЫ ӘЛЕМ»
(Мектепалды тобы)

Ақтөбе 2026жыл

Бағдарлама негізі: А.П.Тонких; Т.П.Кравцова. Л. И. Венгер «Развиваем моторику, логику, воображение, мышление» 2006 г.

Құрастырған: Уринбаева Г.У , Алиханова Г.С
Пайдаланушы: Алиханова Г.С

«Айбөпе» балабақшасының №1 педагогикалық кеңес отырысында «Сиқырлы әлем» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1 «31» тамыз 2026 жылы

«Айбөпе» балабақшасының меңгерушісі: Бишикенова К.А.

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «**Сиқырлы әлем**» бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама № 1 «31» 08 2026 жыл.

Сараптау комиссиясының төрайымы М.Ә Қасымбаева

«Несібе11» «Айбөпе» балабақшасының тәрбиешілері
Уринбаева Гульдана Урумбасаровна
Алиханова Гульжанар Сакеновна
құрастырған **«Сиқырлы әлем»** бағдарламасына

ПІКІР

«Сиқырлы әлем» бағдарламасы мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін, танымдық белсенділігін, қиялын, эстетикалық талғамын және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған өзекті әрі мазмұнды вариативтік бағдарлама болып табылады.

Негізгі мақсаты – балалардың дәстүрден тыс сурет салу әдістерін меңгеруі арқылы бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық ойлауын, танымдық қабілетін, ұсақ қол моторикасын және сөздік қорын дамыту және де балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктері ескерілген. Ұйымдастырылған оқу қызметінде ойын, шығармашылық ізденіс, тәжірибелік әрекет, зерттеу, бақылау және еркін таңдау әдістерінің қолданылуы баланың белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Ерекшелігі – дәстүрлі сурет салу әдістерімен қатар мөрмен басу, саусақпен сурет салу, шашырату, үрлеу, май шаммен салу, монотипия, алдын ала умаждалған қағазбен жұмыс жасау сияқты дәстүрлі емес әдістердің жүйелі түрде енгізілуі. Бұл әдістер балалардың шығармашылық қиялын дамытуға, түстерді ажыратуға, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіруге және өз ойын бейнелі түрде жеткізуіне ықпал етеді.

Күтілетін нәтижелер нақты көрсетілген. Балалардың түстерді ажырата білуі, сурет салудың жаңа әдіс-тәсілдерін меңгеруі, қоршаған орта туралы түсініктерінің кеңеюі, сөздік қорының молаюы, өз бетінше ізденуі, шығармашылық қабілетінің дамуы және композиция құрастыра білуі – бағдарламаның практикалық маңыздылығын көрсетеді. ССонымен қатар баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға, өз ойын еркін білдіруіне, дербес әрекет етуіне және шығармашылық бастамасын қолдауға бағытталған. Бұл мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың баланың қызығушылығы мен жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оның әлеуетін ашу қағидаттарына сәйкес келеді.

Мазмұны жүйелі құрылған, мақсат-міндеттері өзара сабақтас, қолданылатын әдіс-тәсілдері мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық және танымдық дамуына бағытталған.Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, «Сиқырлы әлем» мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған вариативтік бағдарламасын әдістемелік тұрғыдан құнды, практикалық маңызы бар, баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған бағдарлама ретінде мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие үдерісінде және вариативтік компонент аясында қолдануға және бекітуге ұсынуға болады.

Пікір беруші:
Қ.Жұбанов атындағы АӨУ аға оқытушы Педагогика және білім берудегі менеджмент факультеті **Аманжол М.А.**

Scanned with CamScanner

Түсінік хат

Мектепке дейінгі тәрбиеге бейімделген өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы (ӨТШТ) әдістемесі «Барлық жағынан да шығармашылдық» ұранымен тәрбиелеуге және оқытуға мүмкіндік береді. ӨТШТ әдістемесі нақты іске асыру үшін балаға ойын, тақырып таңдауда еркіндік беру керек. Сол кезде ғана ол заттардың құрылысымен танысып қарама-қайшылықтарын түсінеді, түйіткілдерін шешуге үйренеді. Мектепке дейінгі баланың қарама-қайшылықтарды шешіп үйренуі–шығармашылық ойлаудың кілті болып табылады. Балалармен жұмыстың негізгі әрекеті педагогикалық ізденіс. Педагог балаларға дайын білімді бермейді. Сол білімге жету тәсілдерін көрсетіп, өз еңбектерімен жетуге тәрбиелейді. Баланың саусақ бұлшық етіне, түстерді айыра білуіне, шығармашылық қабілетінің дамуына аса көңіл бөлген дұрыс. Дәстүрлі емес сурет салудың бірнеше әдістері бар. Олардың ерекшелігі баланың ойлаған мақсатына тез жетуі. Саусақпен, алақанмен бастырып салған суреттері, қағаз бетін қарындашпен шимайлау арқылы өте қызықты сурет шығатынына көзі жетеді. Қолдарының ұсақ моторикасы дұрыс дамымаған балалар сурет салуға қорқады, жасқанады. Ол үшін дәстүрлі емес сурет салу әдістері бойынша, түстерді қабылдауына,ажыратуына байланысты жұмыстар жүргізу керек.

Дәстүрлі емес әдіспен сурет салудың бірнеше түрлері бар:

- мөрмен басу (резеңкемен,картоппен, жапырақпен)
- шашырату әдісі (тарақпен, сызғышпен, тіс щеткасымен)
- үрлеу әдісі (тушьты қағазға тамызып үрлеу,неге ұқсайды?)
- алдын-ала умаждалған қағазбен сурет салу
- саусақ ұшымен салу
- май шаммен салу
- монотипия әдісі

Сонымен қатар түрлі дидактикалық ойындар қолданған да өте қызықты өтеді. Мысалы: «Неге ұқсас?», «Не жетіспейді?», «Көрсете біл.» «Кім шапшаң?», «Тамшыны жандандыр», «Не артық?», «Ғажайып заттар»

ӨТШТ әдісін сөйлеуді дамыту сабақтарындада қолдану өте тиімді.ӨТШТ әдістемесін мектепке дейінгі тәрбиелеудегі тіл дамыту сабақтарында қолдану арқылы төмендегідей көрсеткіштерге ие боламыз:

- Баланың танымдық әрекетін белсендендіру.
- Баланың шығармашылығын көрсетуге мотивациялау.
- Бейнелі ойлауға жағдай жасалады.Сөздік қоры лексикасы молаяды.
- Синоним, антонимдермен танысады.Тіл құралын кеңінен қолданудың нәтижесі көрінеді.
- Сөйлемнің лексикалық-грамматикалық құрылымын мойындау қалыптасады.

Ойлау әрекетінде аналитикалық-синтетикалық операциясының икемділігі дамиды.

Scanned with CamScanner

Сөйлеуді дамытуда ӨТШТ элементтерін қолдану кезінде төмендегідей дидактикалық принциптерді ескеру керек:

1. Таңдау еркіндігі
2. Мәселенің ашықтығы-мәселені шешуде бірнеше жауаптың болуы.
3. Әрекеттілігі-кезкелген шығармашылық жұмысқа практикалық әрекетті араластыру керек.
4. Кері байланыс. Тәрбиеші баланың ойлау операциясын меңгергенін үнемі бақылап отырады.Себебі жаңа шығармашылық жұмыста ол қажет болуы мүмкін.
5. Кіршіксіздік-шығармашылдық мәселе әдеиі құралды қажет етпейді,ол өткен сабақтың бөлімі болуы мүмкін.Бұл баланың мүмкіншілігін,білімін кеңінен қолдануға мүмкіншілік жасайды.

Сөйлеуді дамыту сабақтарында ӨТШТ элементтерін қолдану әдістері: Қуыршақтарды қолдану-қуыршақпен сөйлесу арқылы алға қойған проблеманы шешу. Диалогты сөйлеу, білмегенін сұрау. Логикалық тапсырмаларда баланың сөздік қорын дамытуға көмектеседі: «Туыстығын тап», «Үшінші артық»-ұқсастығын салыстыру арқылы үшіншісін шығару.т.б.

Ұйымдастырылған оқу қызметі әр формада жүргізіледі: кіріктіру сабақтары, саяхат сабақтары. Сондықтан да балалардың қызығушылықтарына байланысты алынған тақырыптар.

«Сиқырлы әлем» әдістемелік құралы 5-7жас балаларына вариативтік бөлімінде, ұзақтығы 25-30 минут қолданылады. Сағат саны-36. Аптасына 1 рет 1 сағаттан өткізіледі.

«Сиқырлы әлем» бағдарламасының мақсаты:

Дәстүрден тыс сурет салу және сөйлеуді дамыту түрлерін қолдану арқылы сурет салуға деген құштарлығын арттыру;

-ойлау қабілетін дамыту;
- танымдық қабілетін арттыру;
- тілін дамыту;
- эстетикалық тәрбие беру;
-сурет салудың әдістерімен таныстыру;
-сөздік қорларын молайту.

«Сиқырлы әлем» бағдарламасының міндеттері:

1.Икемді ойлау, қозғалыс белсенділігі, жүйелілік, диалектикалық дұрыс сөйлеу.

2.Белсенді ізденімпаздық, жаңашылдық, шығармашыл ойлауға талпыныс.

3. Қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту.

«Сиқырлы әлем» бағдарламасы бойынша жұмыс жасауда күтілетін нәтиже:

Нені біледі:

-Түстерді ажырата біледі.

-Сурет салудың жаңа әдіс-тәсілдерін меңгерді.

Scanned with CamScanner

Қандай түсініктерді игерді:

-Қоршаған орта туралы білідерін кеңейді.

-Түстерді ажырата білді.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:

-Саусақ бұлшық еттерінің ұсақ моторикасы дамыды.

-Өзін-өзі еркін ұстап үйренді.

-Сөздік қоры молайды

-Өз бетімен ізденді.

-Шығармашылық қабілеті дамыды.

-ӨТШТ әдістері арқылы композиция құрастыра білді.

Scanned with CamScanner

Бағдарламаның тақырыптары
5 жас мектепалды тобы
(Барлығы 36 сағат, аптасына 1 рет)

№	Тақырыптары	Сағат саны
1	Өзіңнің ашық хатыңды ойлап тап	1
2	Күзгі жапырақтар	1
3	Себетті саңырауқұлақ	1
4	Дискалардың қабығына сурет ойлап тап	1
5	Адамға қолшатыр неге керек?	1
6	Сырғалар	1
7	Қысқа дайындық «Кірпі»	1
8	Сиқырлы жіптер	1
9	Түрлі сырғалар үлгісін сал	1
10	Алғашқы қар	1
11	Жылы тон	1
12	Түлкі	1
13	Қысқы орман	1
14	Жүзім	1
15	Көбелек	1
16	Ғарыш әлемі	1
17	Аквариум (Балықтар)	1
18	Кітаптарға әдемі қабық ойлап тап	1
19	Мынау қандай аң?	1
20	Балапандар	1
21	Әже не тоқып отыр?	1
22	Әсетке арналған тақия	1
23	Көңілді алақан. «Сегізаяқ»	1
24	Өрнекті аяқтап сал	1
25	Құстарға қамқорлық	1
26	Бутерброд	1
27	Шұлыққа әдемі өрнек сал	1
28	Ыдыс-аяқтар	1
29	Сиқырлы дақ. Достарын толықтырып сал	1
30	Торсық	1
31	Менің бөлмемдегі тұсқағаз.(ұжымдық жұмыс)	1
32	Ұшақта	1
33	Шарлар неге ұқсайды?	1
34	Сыңғырлаған домбыра	1

Scanned with CamScanner

35	Биші	1
36	Қорытынды-көрме	1
	БАРЛЫҒЫ	36

Scanned with CamScanner

Бағдарламаның мазмұны

1.Өзіңнің ашық хатыңды ойлап тап. Балаларды Триз әдісімен сурет салу түрімен таныстыра отырып, түрлі өрнектер салуға үйрету.
2.Күзгі жапырақтар Жапырақпен бастыру әдісімен таныстыру. Түстерді қабылдауын дамыту. Бояуды жапырақта араластыруға үйрету.
3.**Себеттегі саңырауқұлақ.** Алақанмен салу әдісін таныстыру. Қағаз бетіне бағдарлауын қалыптастыру.
4.Дискалардың қабығына сурет ойлап тап.Балаларды түрлі әдістермен сурет салуға үйрету.
5.Адамға қолшатыр неге керек? Жаңа әдіс: паралонмен басу әдісімен таныстыру.
6.Сырғалар .Әшекей бұйымдармен таныстыру. Саусақ ұшымен сырғаларды өрнектеуге үйрету.
7.Қысқа дайындық «Кірпі» Жаңа әдіспен сурет салуға үйрету, умаждалған қағазбен бастырып, қалған бөліктерін толықтыру.
8.Сиқырлы жіптер. Жіптің қасиетімен таныстыру. Жіппен салуды меңгерту. Қағазды екі бүктеп, бір жақ бетіне малынған бояуға жіпті түсіру
9.Түрлі сырғалар үлгісін сал. Жаңа әдіспен таныстыру. Қағазға бояуджы тамызып, түтікшемен үрлеу, саусақпен бастырып салуға үйрету.
10.Алғашқы қар. Ағаштарды жапырақсыз салуға үйрету, қарды саусақпен салу.
11.Жылы тон. Қыс киімі тонды умаждалған қағазбен салуға үйрету.
12.Түлкі. Қағазға түлкінің бейнесін аса білдіртпей отырып салып, умаждалған қағазды бояуға малып сызылған контур бойынша түгел басып шығу.
13.Қысқы орман. Алақанды қағазға қойып бастыру, әр саусақ ағаш діңі. Әр талдың түсіне қарай бояу. Қайың ақ қара, шырша жасыл, қарағай биік етіп салу.
14.Жүзім. Жеміс-жидек түрлерімен таныстыра отырып, жүзімнің салу ретімен таныстыру, саусақ ұшын бояуға салып бастыру.
15.Көбелек. Жәндіктер туралы білімдерін толықтыру. Дайын кескінді түзу сызықпен безендіріп, қаға.
16.Ғарыш әлемі. Бейнелеудің жаңа әдісі тіс щеткасымен шашырату әдісін меңгерту. Ұқыпты, таза жұмыс жасауға үйретуді жалғастыру.Ғарыш, ғарышкерлер туралы білімдерін толықтыру. Патриоттық батылдыққа тәрбиелеу.
17.Аквариум (Балықтар). Балық туралы білімдерін толықтыру. «Балықтар неге сөйлемейді?» ертегі арқылы су астында мекендеушілер туралы білімдерін толықтыру.
18. .Кітаптарға әдемі қабық ойлап тап.Қылқаламмен түрту әдісімен үйрету-мысықтың жүнін түрту әдісі арқылы бере білу.Ұқыпты жұмыс жасауға үйрету.
19.Мынау қандай аң? Қылқаламмен түрту әдісімен үйрету-мысықтың жүнін түрту әдісі арқылы бере білу.Ұқыпты жұмыс жасауға үйрету.

Scanned with CamScanner

20.Балапандар. Салфетканы умаждап және үзу әдістері арқылы балапанды жасау.Қосымша бөліктерін фломастермен толықтыру.(шөптер, көз, ауызы,аяқтары) Композиция құра білуге үйрету.
21.Әже не тоқып отыр? Умаждалған қағазбен бастырып, аяқтарын фломастермен толықтырып салуды үйрету.
22.Әсетке арналған тақия Тақияның жолақшасының ұзындығына «Ботакөз» оюын салуға үйрету. Картоппен бастыру әдісімен салуды үйретуді жалғастыру. Картопты бояуға малып, із қалдыруға тырысу. Қазақтың ұлттық өнеріне деген қызығушылығын арттыру.
23.Көңілді алақан.«Сегізаяқ» Алақан және саусақпен бастыру әдісі арқылы күнбағыстың суретін салуды үйрету.
24. Өрнекті аяқтап сал. Балаларды алақанның әр қырымен сурет сала білуге үйрету. Ұлудың денесін шығару үшін жұдырықтың сыртын бояуға малып бастыру, саусақпен айналдыра спирлға ұқсас пішін шығару.Табиғатқа деген қызығушылығы мен қамқорлық сезімін тәрбиелеу.
25. Құстарға қамқорлық Умаждалған қағазбен бастырып, құстың ұясын салуды үйрету. Ұқыпты, таза салуға баулу. Құстарға деген қамқорлық сезімін ояту.
26. Бутерброд. Алақанымен бастырып салуға үйрету. Фломастермен қосымша бөліктерін салу.
27. Шұлыққа әдемі өрнек сал. Саусақ ұшымен салуға үйрету. Фломастермен қосымша бөліктерін салу. Киім туралы білімдерін толықтыру.
28. Ыдыс-аяқтар. Ыдыстар туралы білімдерін кеңейту. Гүлдің ыдысын жапсырмалап дайындап алып, гүлді жапырақпен бастыру. Саусақпен гүлдерін толықтыру. Шығармашылық қабілеттерін арттыру.
29. Сиқырлы дақ.Достарын толықытырып сал. Балалардың қиял-елесін дамыту. Қағазға бояуды тамызып, неге ұқсастығы барлығын сұрау. Қосымша фломастермен толықтыру.
30. Торсық. Қағазды екі бүктеп, бір бетіне бояу жағып, кеппей тұрып қағаздың келесі бетімен жауып алақанымен сипап басу. Фломастермен қосымша бөліктерін салу. Қазақтың ұлттық ыдыстары туралы білімдерін толықтыру.
31.Менің бөлмемдегі тұсқағаз.(ұжымдық жұмыс) Бөлме ішіндегі тұсқағаздың алуан түрлілігімен таныстыру. Бөлменің әдемілігі дұрыс таңдауға байланысты екенін түсіндіру.Таза жұмыс жасауға баулу. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.
32.Ұшақта. Көліктер туралы түсініктерін қалыптастыру. Триз ідісімен дұрыс салуға үйрету. Көркемдік талғамдарын арттыру.
33.Шарлар неге ұқсайды? Қайшыны бастыру арқылы бір бейне ойлап табу, саусақпен бастырып толықтырып салу.Шығармашылық ой-қиялдарын дамыту.
34. Сыңғырлаған домбыра. Күйдің ырғағымен Қағазды умаждап домбыра пішінін келтіріп шығарып, қағазға жабыстыру. Ұлттық аспаптар туралы білімдерін толықтыру.

Scanned with CamScanner

35. Биші. Түрлі әдістерді қолдана отырып, биші қыздың суретін аяқтап салуға үйрету.

36. Қорытынды-көрме. Балаларға салған суреттерінен қорытынды жасай білуге үйрету, салыстыра білуге үйрету.

Scanned with CamScanner

Пайдаланылған әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

А.П.Тонких; Т.П.Кравцова. Л. И. Венгер «Развиваем моторику, логику, воображение, мышление» «Москва»-2006 г.

Қосымша әдебиеттер:

1. «Рисование с детьми дошкольного возраста» Р.Г.Казакова, Г.С. Альтшуллер. Москва «Просвещение» 2006г
2. «Отбасы және балабақша» журналы. 2001ж 10 б
3. «ИЗО деятельность и ручной труд». (Учебная энциклопедия) «Просвещение»-1981г, Нусупбекова М. И., Аубакирова Р. Ж. Абремская И. Б.
4. Рисование с детьми дошкольного возраста: нетрадиционные техники, планирование, конспекты занятий. «Просвещение» 2001г Казакова Р. Г., Сайганова Т. И., Седова Е. М., Слепцова В. Ю. Смагина Т.В.
5. Психологический тренинг для дошкольников «Давайте дружить!». «Просващение»,2001г. Саранская О.Н.
6. Пальцеграфия. «Рассвет», 2002г. Прохорова Г.А.
7. Азбука Триза. «Солон,Пресс» 1998г.Ломова
8. «Балдырған» журналы. 2011ж 20-б
9. «Айгөлек» журналы. 2010ж 15-б.
10. «Балапан» журналы. 2012ж 3-б.
11. «Наши руки не для скуки». Рэй Гибсон. «Москва» 2001г
12. «Детское рукоделие». Пантелеева Л.В. «Москва» 2002г
13. «Объемная аппликация» Петрова И.М. «Москва» 2005г
14. «Работа с бумагой в нетрадиционной технике». Пищикова Н. Г. «Просвещение» 2008г
15. «Мөлдір бұлақ» журналы. 2012ж 14-б.
16. «Рисунки из ладошки». Дубровская Н. В. «Радуга» 2008г
17. «Рисование веревочкой». Никитина А.В «Москва» 2010г

Scanned with CamScanner